

Қожа Ахмет Яссави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторантты Таракчы Вахдеттің «6D011400» -  
 Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Түркістан ұлт-азаттық  
 қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқыту мәселелері» атты диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша  
 ПІКІРІ

p/ c №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген мақсаттың бірі-Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпы адамзаттың құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту деп атап көрсетілсе, сол мақсаттарды шешудегі міндет қатарында «Ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту», «Ғылыми әзірлемелердің нәтижелілігін арттыру және әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануын қамтамасыз ету» деп аталған болатын. Қорғауға ұсынылып отырған жұмыс осы міндеттерді шешуге арналған.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» талаптарына сәйкес орындалған. Зерттеу тақырыбы ұлттық код, ұлттық құндылықтарды анықтауға бағытталғандықтан «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы және

	(бағдарламаның атаяу) 3) Диссертация Республикасының жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету	Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы, «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасымен» үштасып жатыр.	
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Аталмыш жұмыс - тарих ғылымына, оның ішінде тұлғатануға қосылған елеулі үлес. Тұлғатану тарих ғылымының өзекті саласы, бұл бағыттағы ізденістер мемлекетіміз үшін, келер үрпақ үшін аса маңызды болып табылады. Сондықтан докторант Таракчы Вахдettің «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқыту мәселелері» атты диссертациялық зерттеу жұмысы осы түрғыда маңызды әрі қажет зерттеу жұмысы деп есептейміз.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <b>жоғары;</b> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты жазу деңгейі жоғары. Біріншіден, автордың диссертациядағы баяндаулары, ойлары, пікірлері, талдаулары, тұжырым, қорытындыларынан диссертанттың жеке қолтаңбасы анық байқалады. Бұл – ізденуші жас ғалымдар үшін маңызды компонент. Екіншіден, теориялық негіздеулер жеткілікті. Ушіншіден, әр бөлімге қорытынды жасаған. Бұдан біз өзі жазу деңгейінің жоғары екенін көреміз.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <b>негізделген;</b> 2) жартылай негізделген;	Диссертация өзектілігінің негізdemесі толық негізделген. Жұмыстың тақырыбы айқын, өзекті және осыған дейін тұлғаланған зерттеулердің нәтижелері бүгінгі күн түрғысынан қайта қарау керектігін

	<p>3) негізделмеген.</p>	<p>көрсетеді. Зерттеу нысаны, зерттеу пәні мен мақсат міндеттері де нақты. Зерттелген тақырыптың өзектілігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларымен сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстың жаңалығы мен тұжырымдары тың және дәйекті. Енбекте көп теориялық еңбектер игеріліп, жанжақты талданған.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <b><u>айқындайды;</u></b></p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындаамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Тақырыптың өзектілігі мен маңызы нақты көрсетілген. Жұмыстың әрбір тарауы мен бөлімдерінде өзара бірізділік сакталған және диссертациялық тақырыптың мазмұнына сәйкес құрылған. Диссертацияның мазмұнындағы үш тарауда бір тақырыпқа бағынғып, ондағы бөлімдер арқылы тарқатылған. Ғылыми жұмыстың құрылымы тұтас, себебі әр тарау мен бөлімде көтерілген, зерттелген мәселелер бірінен-бірі туындалап, бірін-бірі толықтырады.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <b><u>сәйкес келеді;</u></b></p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес келеді, тақырыптан ауытқымаған. Тақырыпты ашуда қойылған мақсат айқын әрі нақты. Мақсатқа жетуде туындастырылған міндеттерісәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <b><u>толық байланысқан;</u></b></p> <p>2) жартылай байланысқан;</p>	<p>Барлық бөлімдері мен құрылымы толық логикалық байланысқан. Диссертация үш тараудан тұрады. Әрбір тарау екі бөлімнен тұрады. Диссертациялық жұмыстың бөлімдері ғылыми зердемен жасалған және нәтижелердің ішкі бөлігінің тұтастығына қол жеткізген.</p>

	<p>3) байланыс жоқ</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>сыни талдау бар;</u></b></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Таракчы Вахдеттің бұл орайдағы еңбегі осы бағыттағы өзекті мәселелерді, теориялық және қолданбалы әдістемелік түрғыда шешуге толық сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыста диссиденттің ұсынған қағидаттарын дәлелмен көлтірген және өзіне дейінгі шешімдермен салыстыра отырып, сынни талдау жүргізе алған. Талдау нәтижесінде ұсынған тұжырым-түйіндері көңілге қонымды. Диссертацияның ғылыми жаңалығына: Осы күнге дейінгі Қазақстан тарихы ғылымында Мұстафа Шоқайға қатысты зерттеулердің негізінде мұстафатану ғылыми бағытының әдіснамасы жүйеленген; Таракчы Вахдеттің «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқыту мәселелері» зерттеуінде Отандық және шетелдік мұрағат қорларындағы деректерді Мұстафа Шоқайдың Санкт-Петербургтегі студенттік кезеңіндегі күрескерлік қырын ашуды алғаш рет мұрағаттық құжаттар негізінде көрсеткен. Мұстафа Шоқайдың әмірграждиядағы күрескерлік және шығармашылық қызметінің тарихы, қайраткердің түркілік бірлік жолындағы саяси күресі мен азаматтық ұстанымдарының өнегесін тарихи таным үдерісіне енгізуге жол ашады. Болашақ тарих мұғалімдеріне ұсынылатын «Мұстафа Шоқай және тұтас Түркістан идеясының тарихы» атты тандау курсын педагогикалық тәжірибелік-эксперименттік сынақтан өткізген. Жұмыстың практикалық жағы тиісті санатта орынды тұжырымдалған және зерттеу құрылымы талаптар негізінде тиянақталған</p>
--	--	---

5	Фылимижаңашылдық принципі	<p>5.1 Фылими нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылама?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толығымен жаңа;</b></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңаемес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Бұл жұмыс-PhD докторлық диссертация деңгейінде Қазақстан Республикасында ұсынылған алғашқы еңбек. Сондықтан жұмыста ұсынылып отырған фылими нәтижелер мен қағидаттар жартылай жаңа.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толығымен жаңа;</b></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Бұл жұмыстағы жасалған қорытындылар алғашқылардың бірі болмасада, қазіргі күн түрғысынан сәйкесінше толығымен жаңа болып табылады. Диссидент мұрагат қорынан М.Шоқайдың Санкт-Петербургтегі студент кезіндегі алғашқы курескерлік қызметін және Мұстаның жазған хаттары мен оған жазылған хаттарды айналымға енгізе білген.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толығымен жаңа;</b></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Толығымен жаңа және негізделген. Рецензияланған диссертация гуманитарлық фылым бағытында дайындалғандықтан техникалық және технологиялық шешім қабылдауды мақсат етпейді.</p>
6	Негізгі қорытындылардың гізділігі	<p>Барлық қорытындылар фылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research және өнерттану және гуманитарлық бағыттары</p>	<p>Барлық қорытындылар фылыми түрғыдан ауқымды дәлелдемелерге толықтай негізделген. Тұлғатану мәселесінің теориялық-методологиялық мәселелері, тақырыптың тарихнамасы мен зерттеудің деректік негіздері қамтылған алғашқы бөлімде зерттеудің тұлғатануға қатысты тарихи-методологиялық жақтары</p>

	бойынша)	<p>жеткілікті әрі дәйекті түрғыда талданған. Дәстүрлі теориялық-методологиялық аспектідегі талдаулар, кең көлемдегі тарихнамалық талдаулар және деректік сипаттағы сан-салалы мол материалдар зерделеніп зерттеуге енгізілген. Оның ішінде ғылыми-көпшілік санаттағы жинақтар, ауызша деректер мен жеке адамдар қоры, мерзімді басылымдар материалдары бар. Келесі, тақырыптың практикалық мазмұнын аштын бөлім: «Мұстафа Шоқай және Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы» Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын, өмірбаяндық деректерін талдай келе тарихи салыстырмалы тәсілді қолдана отырып, Әлихан мен Мұстафандың қызметі мен шығармашылығынан көптеген ұқсастықтар, ортақ белгілерерін тапқан, алаштық рухта қалыптасқан Мұстафа Шоқай халықаралық деңгейге шыққандығын деректер негізінде тұжырымдаған. Вахдет Тарахчы М.Шоқайдың педагогикалық көзқарастарына қорытынды жасаған, Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығының тағлымдық өнегесін Қазақстанның қазіргі заман тарихы пәні мазмұнында оқыту мақсатында қолдану бағытында жүргізген талдаулары барысында жіктел оны №3 кестеде көрсеткен. Мұстафа Шоқайдың шығармаларын Түркістан қозғалысы тарихының күнды дереккөзі ретінде қарастыра отырып, осы қозғалыс туралы мазмұндық жағынан жаңа тұжырымдар жасаған. «Мұстафа Шоқай қызметінің тарихы</p>
--	----------	--

			меншығармашылық мұрасын оқыту әдістемесі» тарауында, мектеп және жоғары оку орындарындағы пәндер мен оқулықтар мазмұнына талдау жасай отырып, Мұстафа Шоқай өмірі мен қызметі жайлы мәліметтерді кірістіруге болатын және оның көріну мүмкіндігі бар ақпараттарды топтап №5 кестеде көрсеткен. Болашақ тарих пәні мұғалімдерінен Мұстафа Шоқай өмірі менсаяси қызметі туралы білімдері мен оған деген көзқарастарын білумақсатында 102 студенттен сауалнама алыш, олардың жауаптарын талдап, іріктеп осының негізінде жүзеге асыру жолдарын көрсеткен. Мәселен сондай шешімдердің бірі «Мұстафа Шоқай және түркілік бірлік идеясының тарихы» атты 2-екі кредиттік таңдау курсының оқу-әдістемелік кешенін баяндап, оны сауалнама жүргізген студенттерге оқытып, нәтижелерін көрсете білген. Жалпы алғанда, тараудың мазмұны бағдарлама, білім беру стандарты, деректік-құжаттық және тарихи материалдар негізінде тиянақты баяндалған. Қорыта айтқанда диссертант өз ой-тұжырымдарын, ұсыныстарын түйіндеген.
7	Көрғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді	<p>7.1. Жұмыстағы қағидаттар дәлелденген.</p> <p>7.2. Жұмыста келтірілген қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3. Ұсынылған қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4. Қағидаттарды қолдану деңгейі жоғары.</p> <p>7.5. Диссертация тақырыбы аясында 20 мақала жарияланған. Соның ішінде ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағаны</p>

	<p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңама?</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) <u>орташа</u>; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жоқ</p>	<p>қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 6 мақала. Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда 1 мақала, шетелдік ғылыми журналдар мен конференцияларда 13 мақала жарық көрген. Мақалалар мазмұны диссертация тақырыбына сәйкес. Мақалаларды қорғауға шығарылған қағидаттар дәлелденген.</p>	
8	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып</p>	<p>Зерттеу жұмысында әдіснама нақты жазылған. Диссертациялық жұмыста тақырыптың зерттелуіне орай осы кезенге дейін жариаланған ғылыми зерттеулерге деректанулық ізденіс-зерттеулер жүргізілді және зерттеу нысанының шығармашылық мұрасына мәтіндік, тұжырымдық талдаулар жасалынды. Зерттеу барысында кешенділік, жүйелілік, шынайылық, тарихилық, тарихисалыстырмалық қағидалары қолданылды.</p> <p>Диссертация жұмысының екінші және үшінші тарауындағы нәтижелер ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>

	<p>алынған:</p> <p>1) <u>ија;</u> 2) жоқ</p>	
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінараасталған / расталмаған</p>	<p>Теориялық және практикалық қорытындылар, маңызды мәліметтер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттер сілтемелерімен расталған.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға толықтай жеткілікті. Жұмыстың тақырыбына байланысты қазақ, орыс, ағылшын, түрік, өзбек тіліндегі негізгі, қосымша еңбектер қамтылған. 188 әдебиетке сілтеме жасалған.</p>
9	<p>Практикалыққұндыл ықпринципі</p> <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ија;</u> 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ија;</u> 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар. Себебі, ізденуші тұлғатану бағытындағы шетелдік, отандық зерттеулерге талдау жасаған.</p> <p>Диссертацияның практикалық маңызы мен алынған нәтижелерін практикада қолдануға мүмкіндігі бар. Таракчы Вахдettің «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқыту мәселелері» атты зерттеу жұмысы бойынша Қожа Ахмет Яссаяи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті және Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде педагогикалық эксперимент жүргізіліп, ғылыми-зерттеу нәтижелерін оқу-тәрбие үдерісіне енгізгенін растайтын актісі бар. Сонымен қатар, «Мұстафа Шоқай және түркілік бірлік идеясының тарихы» атты таңдау пәні «Қазақстанның қазіргі заман</p>

		тариҳы» курсының әдістемелік кешені мазмұнына енгізіліп қолданылуда.	
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.	
1 0	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <b>жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Жазу мен рәсімдеу сапасы, соның ішінде академиялық жазу тұрғысынан жоғары.

Докторант Таракчы Вахдеттің (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқыту мәселелері» тақырыбына дайындалған диссертациясы ҚР БФМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру қағидаларының» 2- тарауында көрсетілген диссертациялық талаптарға толығымен сәйкес келеді деп есептеймін. Сол себепті, докторант Таракчы Вахдеттің «6D011400-тарих», философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы шешімді толық қолдаймын.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өнірлік университеті  
Қазақстан тарихы кафедрасының менгерушісі,  
PhD доктор, қауымдастырылған профессор

28.02.2022 ж.



*Райф*

Р.Ж. Байдалы

Подпись *Байдалы Р.Ж.*  
заявляю.  
*Он/* Смагина О.Ж.  
(подпись)  
и специалист *управление по*  
работе *бюджетность, ФИО)*  
с персоналом